

“№82 жалпы білім беретін орта мектебі” КММ

“Оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен тиімді технологиялары” атты магистрлер апталығының аясында жас мамандар арасында өткен «Современные подходы к обучению языкам: эффективные методы и технологии преподавания русского и английских языков» атты семинардың есебі

Ұйымдастырушылар: ағылшын тілі пәні мұғалімі – Бикеева М.С.
орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі – Дербисова Ж.Т.
Өткізілген күні: 10.12.2025жыл

2025-2026 жыл

Семинар тақырыбы: «Современные подходы к обучению языкам: эффективные методы и технологии преподавания русского и английских языков»

Мақсаты: Билингвальді орта жағдайында орыс тілін оқытудың заманауи әдістерімен, интерактивті технологияларымен және тиімді тәжірибелерімен таныстыру арқылы жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Семинар барысы:

1. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Бикеева М.С. « **Effective methods of working with text using Reading and Speaking Skills**» тақырыбы
2. Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Дербисова Ж.Т. «**Эффективные методы и технологии преподавания русского и английских языков**» тақырыбы

Өту барысы:

Алдымен, жас мамандармен және әріптестермен амандасу сәті өтті. Жас мамандар 3 топқа бөлініп отырды. Көңіл күйді көтеру және жағымды психологиялық атмосфера қалыптастыру мақсатында жас мамандармен «I am happy today, because ...» атты тренинг жүргізілді.

Семинардың теориялық бөлімінде Бикеева М.С. мәтінмен жұмыс жасаудың маңыздылығына тоқталды. Әсіресе, оқушылардың мәтінді түсіну, негізгі идеяны анықтау, өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер кеңінен талқыланды.

Мұғалім келесі әдістерді таныстырып, тәжірибеде қалай қолдануға болатынын көрсетті:

- Skimming (мәтіннің жалпы мағынасын жылдам түсіну);
- Scanning (нақты ақпаратты табу);
- Prediction (мәтін мазмұнын алдын-ала болжау);
- Discussion (топтық пікір алмасу);
- Role-play (мәтінге негізделген рөлдік ойындар);
- Think-Pair-Share, Hot Chair, Jigsaw reading, т.б.

Сонымен қатар, мәтінмен жұмыс барасында BEFORE YOU READ, WHILE YOU READ, AFTER YOU READ әдісінің маңыздылығын, оның тәжірибеде қолданылуының ерекшеліктерін көрсетті.

Тәжірибелік бөлімде мұғалімдер топпен жұмыс жасап, мәтінмен жұмысқа арналған тапсырмалар әзірлеп, бір-бірімен бөлісті. Сабақ үлгілері көрсетіліп, әр тапсырманың тиімділігі талданды. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, сұрақтар қойып, кері байланыс берді.

Семинардың екінші бөлімінде Дербисова Ж.Т. тіл пәндерінің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, қазіргі білім беру үрдісінде жиі қолданылатын әдістер мен технологияларды таныстырды. Оның ішінде:

- Коммуникативтік әдіс
- Сыни ойлауды дамыту стратегиялары (INSERT, PMI, SWOT, Венн диаграммасы)
- Project-based learning (жоба әдісі)
- Дебат, рөлдік ойындар, жұптық/топтық жұмыс

- Цифрлық ресурстар – Kahoot, Wordwall, Quizizz, Padlet арқылы грамматика мен сөздік қорын бекіту;
- Коммуникативтік оқыту әдісі – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуға бағытталған (диалог, пікір алмасу, инсценировка) сияқты тәсілдерге нақты мысалдар келтірілді.

Тәжірибелік бөлімде қатысушылар топтарға бөлініп, нақты бір тақырыпқа шағын фрагмент сабақтарын әзірледі.

- Жас мамандар орыс тілі сабағында мәтінмен жұмыс, диктант, эссе жазу, әдеби кейіпкерлерді сипаттау сияқты тапсырмаларды жаңа әдістермен көрсетуге тырысты.
- Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру, жеке және жұптық жұмыс ұйымдастыру, қателермен жұмыс жасау жолдары қарастырылды.
- Сонымен қатар, әдеби шығармаларды оқытудағы рөлдік ойындар, сахналық көріністер, шығармашылық тапсырмалар тиімділігімен ерекшеленді.

Қорытынды:

- Мұғалімдер орыс тілі және ағылшын тілі пәнінде қолданылатын тиімді әдістерді тәжірибеде қолдануды үйренді;
- Оқушылардың тілді меңгерудегі белсенділігі мен қызығушылығын арттыру жолдарын түсінді;
- Сабақ құрылымын тиімді жоспарлау мен уақытты дұрыс басқару тәжірибесі алынды;
- Жас мамандар үшін әдістемелік қолдау көрсетілді.
- Жас мамандар мәтінмен жұмыс жасауда оқу және сөйлеу дағдыларын тиімді қолдану әдістерін меңгерді;
- Оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттыруға бағытталған интерактивті әдістерді пайдалануды үйренді;

Бейнеролик мектептің инстаграмм парақшасында жарияланды:







